



Ата Заң – айбарым, биіктей бер байрағым!



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

28 тамыз, сенбі 2021 жыл

№131-132 (20205-20206)

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

## Жамбылдағы жарылысқа байланысты қатаң тапсырмалар берілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысында болған жарылыстарға байланысты шұғыл жиналыс өткізді.

Жиынға Премьер-Министр, құқық қорғау, қорғаныс, қауіпсіздік және басқа да күштік құрылымдардың басшылары қатысты.

Президент Жамбыл облысында болған төтенше оқиға салдарынан қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көңіл айтып, зардап шеккен адамдардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

– Жамбыл облысының Байзақ ауданында төтенше оқиға болды. Қарулы Күштеріміздің

оқ-дәрісі сақталатын қойманың бірінен өрт шықты. Артынан бірнеше жарылыс болды. Жергілікті тұрғындар аман-есен. Өкінішке қарай, әскери қызметшілер мен құтқарушылар арасында адам шығыны бар. Олар қызметтік міндетін атқару барысында ерлікпен қаза тапты. Қайтыс болған азаматтардың отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Жаракат алған адамдардың тезірек сауығып кетуін тілеймін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көмек көрсету бойынша нақты тапсырмалар берді.

– Мемлекеттік уәкілетті органдар қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көмек көрсетудің барлық шараларын қабылдауы қажет. Жұмылдырылған барлық сала мамандарының жанкештілігі арқасында жағдай бақылауға алынып, одан да көп шығынға жол берілмеді. Құтқарушыларға, дәрігерлерге, полиция, прокуратура және әкімдік қызметкерлеріне алғыс айтамын. Дегенмен, өрттің салдары қиынға соқты. Адамдар зардап шекті. Көптеген азамат баспанасын тастап кетуге мәжбүр болды.

Елді мекендердің инфрақұрылымына зақым келіп, бірқатар ғимараттар қирап қалды. Осыған байланысты шұғыл шаралар қабылданды. Бірақ әлі де көп қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент орталық және жергілікті органдардың жұмысын дұрыс үйлестіру керек екенін айтты. Қажетсіз кедергілерді жойып, уақыт ұттырмай жедел қимылдауды, ең бірінші кезекте ауыл тұрғындарын өз үйлеріне қайтару шараларын қолға алуды тапсырды.

2-бет

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі сырбойлықтар!

Баршаңызды еліміздің ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің басты құжаты.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, «Ата Заңмен өмір сүру – білімі мен тәжірибесін өмір бойы үйренетін демократияның жоғары мектебі».

Әлемде алуан рет Конституция қабылдап, басқару жүйесін соған негіздеген мемлекеттер өркениетті қоғам құрудың алғы шарттарын жасағаны белгілі. Осы тұрғыда Қазақстандағы мемлекеттік құрылым, Конституциялық құрылыс идеясы мен тарихын зерделесек, оның ғасырлар қойнауының тереңінде жатқанын көреміз.

Ұлы Даланың өсиетіндей «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Өз Тәукеңің «Жеті Жарғысы» сол кездің өзінде-ақ аса маңызды роль атқарды.

Ал, 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституциямыз заман талабына сай мемлекет пен қоғамның демократиялық тұрғыда жаңаша дамуына, қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық салаларының түпкілікті жаңғыруына негіз қалады.

Азаматтардың құқықтары мен бостан-

дықтарының мемлекет мүддесінен жоғары қойылуы Ата Заңның басты ұстанымы болып табылды. Сондықтан да оны еркіндік пен бостандықты армандап өткен ата-бабаларымыздың мақсат-мұраттарының орындалғаны, Дала демократиясының заңды жалғасы деп айта аламыз.

Міне, енді биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылында Қазақстанның Ата Заңы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеп отыр.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сөзімен айтсақ, «Біз мемлекеттің берік конституциялық негізіне сүйене отырып, елдегі келісім мен саяси тұрақтылықты сақтаймыз және азаматтық қоғаммен сындарлы байланысты жалғастыра береміз. Қазіргі қиындықтарды бірге еңсеріп, көздеген мақсатымызға жететінімізге сенімім мол».

Қымбатты жерлестер!

Сіздерді еліміздің басты мерекесі – Конституция күнімен құттықтай отырып, әрбір отбасына амандық-саулық, береке-бірлік, мықты денсаулық тілеймін.

Тәуелсіз еліміздің тұңғыры берік, ғұмыры мәңгі болғай!

Құрметпен,  
Гүлшара ӘБДІКАЛЫҚОВА,  
облыс әкімі



● ЕГІНГЕ ОРАҚ ТҮСТІ

## Мерейлі жылдың ризығы мол болғай



Сыр дикандары шешуші науқанға кірісіп кетті. Басты дақыл – күрішке орақ түсіп, биыл дәстүрлі шара Жалағаштың «Таң» шаруашылығында ұйымдастырылды. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары М.Бақтыярұлы мен А.Әлінарұлы, Мәжіліс төрағасының орынбасары Б.Кесебаева және ардагерлер, аймақтағы шаруашылық төрағалары қатысты.

СБ Ержан ҚОЖАСОВ,  
«Сыр бойы»

Шара барысында облыс әкімі «Таң ЛТД» серіктестігінің жүгері егілген алқабына барып, ауыл шаруашылығы саласындағы әртарапандыру бағытында мамандармен пікір алмасты. Кездесуде Сыр дикандарының еңбегін ерекше атап өтіп, ақжарма тілегін білдірді.

– Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесімен атақты дикан, Дала академигі, ақ күріштің

атасы Ыбырай Жақаевтың 130 жылдық мерейтойы қатар келіп отыр. Сондықтан, биыл жиналатын ел астығына облыс егіншілері барынша үлес қосады деп сенемін. Ел несібесін төкпей-шашпай жинап алуымыз қажет. Қамбаларыңыз астыққа толсын, қырмандарыңыз тасысын. Еліміз тыныш болып, ырыс-несібіміз молая берсін, – деді облыс әкімі. «Таң ЛТД» ЖШС 2003 жылы

құрылған. Ауыл халқының басым көпшілігі осында жұмыс істейді. Серіктестігі 2014 жылы облыста бірінші болып «Бораншы» учаскесінде 10 гектар жерге тамшылатып суару арқылы картоп екті. 2019 жылы тұқым шаруашылығы статусын алды.

– 3 жарым мың гектар жерге күріш егілді. Енді гектарына 70 центнердің үстінде аламыз деген болжам бар. Былтырға қарағанда шығымы да жақсы. Судан аздап тапшылық болды, бірақ дер кезінде суға бастырып үлгердік. Әртарапандыру мақсатында 100 гектар бидай, 70 гектар жүгері егілді. Жыл сайын техника жанартылып отыр. Шаруашылық жоғары өнім алып, облыста алдығы қатардан көрініп келеді, – деді «Таң ЛТД» ЖШС бас агрономы Ербол Ақбергенов.

2-бет

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«27» тамыз 2021 жыл №23 Қызылорда қаласы

## 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ САНИТАРИЯЛЫҚ ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ЖӘНЕ САНИТАРИЯЛЫҚ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабының 2-тармағына сәйкес барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында

білім алушылар арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (будан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

5-бет

● ОҚЫС ОҚИҒА

## Дүлей дүмпудің дүрмегі

«Апат айтып келмейді» деген рас. 26 тамыз күні Жамбыл облысының Байзақ ауданында орналасқан әскери бөлім қоймаларының бірінен өрт шығып, тағы да алапат жарылыс болды. Бастапқы кезеңде өртті сөндіруге 500 адам жұмылған. Кейін олардың саны мыңға, өрт сөндіру машиналарының саны 24-ке жеткен. Жалпы 10-нан астам жарылыс болған. Дүлей дүмпу бейқам отырған жамбылдықтарды дүрліктіріп, үй-жайын тастап қашуға мәжбүр етті.

СБ Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оқиға орын алған алғашқы сәттен бастап тапсырма берді. Оқиға орнына облыс әкімі, Қорғаныс, Төтенше жағдайлар министрлері, Ішкі істер вице-министрі дереу жетті, өрт салдарын жою жөніндегі жедел штаб жұмыс істеп жатыр. Қылмыстық іс қозғалды. Сол күні темір жол қатынасы да уақытша тоқтатылған болатын және таяу маңдағы елді мекендердің тұрғындарын эвакуациялау туралы шешім қабылданды. Жергілікті тұрғындар аман-есен. Соңғы мәліметтерге сүйенсек,

оқиғадан кейін Тараз қаласының №1 қалалық ауруханасына түрлі жарақатпен түскен адамдардың саны 100-ге жақын. Өкінішке қарай, әскери қызметшілер мен құтқарушылар арасында адам шығыны бар. Олар қызметтік міндетін атқару барысында ерлікпен қаза тапты.

Кеше Президент оқыс оқиғаға байланысты шұғыл жиналыс өткізіп, төтенше оқиға салдарынан қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көңіл айтты. Тағы бір маңызды мәселе ретінде апаттың басты себебін анықтауды тапсырды. Мемлекет

басшысы екі жыл бұрын Арыста болған жарылысты еске алып, қару-жарак қоймаларында өлі де шешілмеген түйінді мәселелердің бар екенін атап өтті. Мәліметтерге сүйенсек, Жамбыл облысының Королевка кентіндегі әскери қоймаға ең жақын орналасқан 3 елді мекенде мыңнан астам адам тұрады. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметі бойынша олардың 710-ы облыс орталығына эвакуацияланған. Мамандардың өрт сол жерде сақталған тротилдың жануынан деген болжамы бар. Олардың айтуынша, осыдан бірер жыл бұрын Арыс қаласындағы өрт салдарын жойғаннан кейін аталған қоймаға инженерлік оқ-дәрілердің бір бөлігі шығарылған.

Бұл жайт барша елді абырлатты. Шынында, берекелі бейбіт күнде тағы еңсе түсірер апаттың орын аларын кім білген?! Жаратқан Жамбыл жұртына жар болсын! Қазір көптің тілеуі – осы.



# Жамбылдағы жарылысқа байланысты қатаң тапсырмалар берілді

Тағы бір маңызды мәселе ретінде апаттың себептерін анықтау қажет екенін айтты. Бұндай жағдайлардың алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысы екі жыл бұрын Арыста болған жарылысты еске алып, қару-жарақ қоймаларында әлі де шешілмеген түйінді мәселелердің бар екенін айтты. Арыс округының кейін арнайы тапсырма бергенін, енді осы бағыттағы жұмыстарды жеделдетіп аяқтау қажеттігін ескертті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысындағы төтенше оқиғана байланысты бірқатар шараларды шұғыл қолға алуды тапсырды.

Бірінші. Төтенше жағдайдың салдарын жою үшін ведомстволық мемлекеттік комиссия құрылсын. Оған Премьер-Министрдің орынбасары Роман Васильевич Скляр басшылық етсін. Роман Васильевич, сізге қазір жиналыс аяқталған соң Жамбыл өңірінде шұғыл баруды тапсырамын. Жұмыстың басы-қасында болып, барлық шараларды оқиға орнынан ұйымдастырыңыз. Екінші. Қаза болған азаматтардың отбасын әлеуметтік қорғау және зардап

шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін барлық қажетті шаралар қабылданысын. Үшінші. Денсаулық сақтау министрлігі төтенше оқиға салдарынан жаракат алған азаматтарға жан-жақты медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырсын, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігіне осы оқиғаның мән-жайын және кінәлілерді анықтау үшін сотқа дейінгі тергеу амалдарын мұқият жүргізуді қамтамасыз етуді, Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігі мен дүние-мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдауды тапсырды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Бас прокуратураға және Ішкі істер министрлігі мен мүдделі мемлекеттік органдарға оқиға туралы жалған ақпараттың таралуына жол бермеу үшін шаралар қабылдау жөнінде тапсырмалар берілді.

Жиында, Қорғаныс министрі Нұрлан Ермеков, Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев және Бас прокурор Гизат Нұрдаулетов баяндама жасады.

## ● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# Жаңа оқу жылының жауапкершілігі жоғары

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова оқу жылының жауапкершілігі жоғары екенін айтты.

Сб «Сыр бойы»

Білім күні жақындап калды. Был оқу жылы дәстүрлі оқу форматында басталады. Бұл бізге үлкен міндеттер жүктейді. Сондықтан балалардың денсаулығына аса көңіл бөлінуі тиіс. Пандемия жағдайына ескере отырып, бұл жұмысқа үлкен жауапкершілік туындап отыр, – деді аймақ басшысы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова баяндама жасады. Облыстағы білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Алдағы оқу жылында 294 мемлекеттік және 10 жеке мектепте 177196 оқушы білім алады. Оның ішінде бірінші сыныпқа барлығы 18276 оқушы қабылданды. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 25 тағымдағы қаулысына сәйкес, барлық білім беру ұйымдарына штаттық форматта оқытуға рұқсат етілген. Білім беру ұйымдарында білім беру процесіне қатысушыларға күнделікті дезинфекциялық туннельден өту, байланыссыз термометриямен дене қызуын өлшеу, қолды антисептиктеу, аяқ киімді залалсыздандыруға арналған кілешпен өту жұмыстары толығымен жүргізілген. Жүріп-түру біржақты қоз-

ғалыс қағидатымен арнайы көрсеткіштермен таңбаланған. – Сабақтар арасында үздік бастауыш, орта және жоғары сыныптарда білім алушылардың барынша ажырауын қамтамасыз етуді. Жылжымалы сабақ кестесі қазіргі таңда жасалып, толығымен бекітілді. «Бір сынып – бір кабинет» қағидаты сақталды. Спорттық іс-шаралар таза ауада өткізіледі. Сондай-ақ, педагогтар, персонал, білім алушылар маска тағу режимін сақтайды. Арнайы орындарда санитаризатор орнатылған. Білім беру ұйымдарына айына бір рет жеке гигиена қағидаларын сақтау бойынша нұсқама және олардың орындалуына бақылау журналдары енгізілді. Балалардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне гимаратқа кіруге жол берілмейді. Инфекциялық аурулар белгілері барлар анықталған сәттен бастап жеке медициналық жәрдем келгенге дейін немесе ата-аналары келгенге дейін дереу оқшауланды. Немесе үй жағдайында өздігінен оқшауланды жүзеге асырылды. Оқушылар арасында коронавирус инфекциясын жұқтыру дерегі тіркелген жағдайда олар 14 күн оқшаулануға жіберіліп, онлайн форматта оқытылады, – деді басқарма басшысы.

Алған оқыс оқиғалар балалардың қауіпсіздік мәселесіне түпкілікті мән беру қажеттігін айқындады. Бұл ретте аймақтағы барлық мектептер 100 процент бейнебақылаумен қамтылған. Өткен жылы 70 мектеп жедел басқару орталығына қосылса, биыл 35 мектеп ұлттық бейнемониторинг жүйесінің тікелей бақылауына енді. Жаңа оқу жылында 42 қала мектептері турнирлері орнатылып, 42 мектеп мамандандырылған күзетпен, дабыл түймелерімен қамтамасыз етілді. Барлық білім беру ұйымдарында ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталған.

Жаңа оқу жылында Арал ауданы Сексеуіл кентінде 300 орындық мектеп, Қызылорда қаласында 2 мектеп («Nur Otan» партиясының жол картасы арқылы пайдалануға берілді. Облыста екі мектепте күрделі жөндеу жүргізілуде. Сонымен қатар жылу беру маусымына дайындық 95 процент деп күтіліп отыр. Жаңа оқулықтар сатып алуға 1,1 млрд теңге қаржы бөлініп, барлық оқулықтар тиісті мектептерге 100 процент жүргізілген. Облыста вакциналауға жататын 22033 педагог бар. Олардың барлығы екпе салдырған. Тиісті техникалық қызметкерлер де толық вакциналанды. Сондай-ақ алдағы оқу жылында 30 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жұмыс істейді. Оның ішінде 17 мемлекеттік, 13 мемлекеттік емес колледждер, 19775 студент бар. Олардың 5187-сі 18 жастан асқан, 71 проценті

вакциналанған. Жатақханалар толығымен дайын, – деді А.Қасымова.

Басқарма басшысы білім беру нысандарының құрылысын бойынша «Nur Otan» партиясының жол картасы аясында салынып жатқан Жаңақорған ауданындағы 600 және 300 орындық мектептер құрылысының жыл соңына дейін аяқталмауы қауіп бар екенін, бұл мәселе бойынша халық тарапынан да көптеген сауал түсіп жатқанын атап өтті. Мектеп құрылысын белгіленген мерзімде аяқтау қажеттілігі туындап отыр.

Айта кетейік, биыл облыстық саулет және қала құрылыс басқармасы арқылы жалпы қуны 6,1 млрд теңгеге 13 білім беру нысанының құрылысы жүзде. Атап айтқанда, 2450 орындық 7 мектеп, 2 мектепке қосымша құрылыс, тыңғу лагері, косышша білім беру орталығы, оқушылар үйі мен балабақша.

Жин сонда аймақ басшысы білім, экономика және бюджетті жоспарлау басқармаларына білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығын уақытты және сапалы жүргізуді тапсырды. Білім беру ұйымдарының санитария құралдарымен жеткілікті көлемде қамтамасыз етуді жүктеді. Облыстық саулет және қала құрылыс басқармасына жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған білім беру нысандарының уақытты тапсыруды міндеттеді. Аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау және үйлестіру облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменовқа жүктелді.

# «Әрбір адамның өмірі қымбат»

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі ұшжақты комиссияның отырысында комиссия құрамына енгізілген өзгерістер туралы хабарлады.

Енді комиссияға облыс әкімі төрағасы етеді. Алқанды жаңа мүшелері – Макеұт Нәлібаев төраға орынбасары, Манарбек Еспенбетов жұмыс берушілердің тарапынан мүше ретінде қосылса, Мұхитжан Кәрімбаев облыстық энергия консорциумының төрағасы, Омархан Пашкенов ҚР Фермерлер қауымдастығының облыстық филиал төрағасы қызметтеріне тағайындалды.

Отырыста еңбек даулары мен өндірістік жазатайым оқиғалардың алдын алу бағытындағы шаралар талқыланды. Жиында облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының

басшысы Төреәхмет Жолымбетов жыл басынан бері облыста кәсіпорындар мен мекемелерде 91 тексеру жүргізіліп, 151 заңбұзушылық анықталғанын айтып өтті. Оларды жою және болдырмау жөнінде 65 нұсқама беріліп, оның 58-і орындалса, 151 бұзушылықтың 125-і жойылған, қалғандарының мерзімі бар. Тексеру қорытындысымен 896,9 мың теңге мөлшерінде 12 өкімілік айыппұл салынды. Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалардың 493 өтініші қаралып, белгіленген тәртіпте жауап берілген. Жыл басынан бері ықпал ету шаралары нәтижесінде 8 кәсіпорынның 1911

жұмыскеріне 209,6 млн теңге жалақы қарызы төленді.

Сондай-ақ, жалақыны көтеру және еңбекке қарыздарын өтеу мәселелері талқыланды. Облыс әкімі еңбек дауларын шешу жолдарын тез арада қарастырып, нәтижесін баяндауды тапсырды. Мұнан бөлек, жиында өндірістегі жазатайым оқиғалар мәселесі қаралды. Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы 7 айда тіркелген 48 жазатайым оқиғаны арнайы тексеріп, оның 23-ін еңбек қызметімен байланысты деп таныды.

Жиында қорытындыланған облыс әкімі компания басшыларына өндірістік жазатайым оқиғалардың алдын алу тінесті шаралар қабылдауды міндеттеді. Ал, Қызылорда қаласы, аудан әкімдері және басқарма басшыларына облыстық кәсіподақтар орталығымен, жұмыс берушілер және жұмысшы ұйымдарымен

бірлесіп, ұшжақты комиссия қызметінің тиімділігін арттыруды тапсырды.

Туындайтын мәселелерді алдын ала болжап, еңбек ұжымдары және жұмыс берушілермен ашық әңгімелескен жөн. Жедел әрекет жасап, кез келген диалог түрінде пайдаланыңыздар. Әр аптаның серсенбі күні еңбек заннамасын түсіндіру үшін «Ашық есік күні» ұйымдастырылсын. Бұл мәселелер жеке бақылауымда. Компаниялардың жауапкершілігін арттыру мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсыныстар 5 күн мерзімде әзірленсін. Біз үшін әрбір адамның өмірі қымбат», – деді облыс әкімі.

Берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменовға жүктелді.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Транстелеком» АҚ «Қызылорда-Транстелеком» филиалының ақпарат жинау және сақтау орталығының (Data center) ашылу рәсіміне қатысты.

# Ақпаратты өңдеу орталығы ашылды

Облыс басшысы шараға қатысушыларды келе жатқан Конституция күнімен құттықтап, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында заманауи ақпараттық орталықтың пайдалануға берілуінің маңызы зор екенін атап өтті.

Ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған шақта кез келген мемлекеттің тұрақтылығы экономикасына және цифрлық дамуына байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Диффрандыру – ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы. Қазір адамдар емес, мәліметтер «зыр жүгіруге» тиіс. Деректермен жұмыс істеуді жана деңгейге көтеру керек. Мәліметтер базасының бірінші жауапкершісі мен кәсіпкері және оны әрі қарай дамыту – Үкіметтің басты міндетінің бірі» деп осы саладағы нақты бағыты айқындап берген болатын, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі мемлекеттік әріптестік аясында бұл орталық өкімілік нысандары деректерінің үздіксіз жұмыс жасауына зор ықпал ететінін, бизнес өкілдері үшін де жана мүмкіндіктер ашылатынын жеткізді.

Өз кезегінде «Транстелеком» АҚ басқарма төрағасы Елнар Адайбеков аймақ басшысына қолдау көрсеткен үшін алғысын білдіріп, орталықтың мүмкіндіктері мен инфрақұрылымын таныстырды. Орталықты пайдалануға беру арқылы аймақта іскемді IT-инфрақұрылымдарды құру бойынша инновациялық шешімдерді ұйымдастырудың жана лентейіне көмуге болады.

DATA орталық «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Транстелеком» акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асты. Жоба қуны – 6 млрд теңге. Орталықтың жалпы аумағы 1,4 гектар, құрылысы 2020 жылы басталып, барлық жабықты пайдалануға беруді қоса алғанда, 10 айда іске асырылып отыр. Нысанда 45 жана жұмыс орыны ашылған.

Мұндағы негізгі қызмет түрі – тапсырыс беруші серверінің жұмысына байланыс арналарын көптенгілі резервтеу, үздіксіз қуаттауды қамтамасыз ету және қажетті климаттық параметрлерді ұйымдастыру арқылы қолдау көрсету мақсатында клиенттік серверлерді «Транстелеком» АҚ арнайы алаңдарына орналастыру.

Айта кетейік, Деректерді өңдеу орталығының Қызылорда облысынан бөлек, қоршылес Түркістан, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласына да техникалық қызмет көрсету мүмкіндігі бар.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## ● 29 ТАМЫЗ – ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

# Бейбітшілік жолындағы маңызды қадам

Тәуелсіз еліміздің әлем алдындағы ең маңызды шешімдерінің бірі ядролық қарудан бас тарту болды. Кеше «Семей полигонының жабылуы – тәуелсіздіктің теңдессіз жеңісі» атты облыстық конференция өтіп, қырық жыл бойы елге зардабын тигізген ядролық қарудан бас тарту бастамасының маңыздылығы туралы кеңінен айтылды.

Сб Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлжанбаева, облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының ғалымдары, үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты. Сондай-ақ, қала, аудандардағы зиялы қауым өкілдері онлайн байланыста болды.

Конференцияға қатысушылар алдымен Жамбыл облысында төтенше оқиға салдарынан қаза тапқан отандастарымызды 1 минут үнсіздікпен еске алды. Мұнан кейін облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет 1991 жылдың 29 тамызында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Семей полигоны жабылғанын, Қазақстан әлемде бірінші болып ядролық қарудан бас тартқан ел екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «1991 жылы Семей полигоны жабылды. Оның еліміз ғана емес, барша қазақтың болашағы үшін айрықша маңызды шешім екенін ескеріп, арнайы іс-шара өткізу қажет деп санаймын» деп айтқан еді. Түрлі септеулерге сүйенсек, Қазақстандағы полигон сынақтарынан 1 жарым миллионнан астам тұрғын зардап шеккен. Олардың қатарында полигон аймағында Кеңес әскері қатарында қызмет еткен облыстың 10 мыңнан астам адамы болған. Бүгінде олардың қатары мыңға жетер-жетпес болып сиреді.

Облыс әкімінің орынбасары өмірінің өлшеулі бір бөлігі – жау-қазын жастық шағының сүбелі үлесін қиыншылық, қасіретпен өткізсе де бүгінде ортамызда



жүрген рухы биік, батыр да бағыл жандармен жүзделу үлкен ғажайып екенін баса айтты.

Жиында Ақмарал Әлжанбаева 29 тамыз тарих бетінде халыққа қасірет пен үміт сыйлаған күн ретінде жазылғанын, сол жылдарғы халық денсаулығы жолында еңбек еткен алғашқы дәрігер, ғалымдардың еңбегі елеулі екеніне тоқталды.

Қырық жылдан астам уақыт халыққа зардабын тигізіп, шұрайлы өлкені экологиялық

апат аймағына айналдырған Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына биыл 30 жыл толды. 1949 жылы 29 тамызда алғашқы сынақ жасалса, 42 жылдан кейін дәл сол күні Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Жарлығымен сынақ полигоны ресми түрде жабылды. Сынақ алаңын жабу – еліміз тәуелсіздік алар сәтте қабылданған ең маңызды шешімдердің бірі. Қазақстан Республикасының егемендігі туралы декларацияда мемлекет аумағы ядролық сынақ деп жарияланды. Бүгінде қазақ елінің бұл бастамасын бүкіл әлем қолдайды. «Семей сынақ алаңын жабу ядролық қарусыз әлем құру жолындағы қазақ халқының ұлы қадмаларының бастауы болды. Қазақстан Семей сынақ алаңы жабылған сәттен бастап, адамзат тарихындағы ең зұлмат сойыл – ядролық қарумен күресіңіз көпбасшысы атанды» деп атап өтті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Осылайша, егемендігін енді алған Қазақстан ядролық қарудан ерікті түрде бас тартқан бейбіт өмірдің жаршысы ретінде әлемге таныла бастады, – деді сенатор.

Сондай-ақ, 1992 жылы полигоннан зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау туралы заң шыққанын, құжат өз заманында уақытты және қажетті құқықтық акт болғанын атап өтті.

Конференцияда өткен жылдарға шолу жасалып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Тастанбек Сәтбай ядролық қаруды сынақтан өткізудің саяси астары, нақты тарихи деректерді баяндаса, Қызылорда облысы бойынша «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Өбіш сол кездегі күрделі жағдайларды, Семейде әскери борышын өтеген Қойшыбек Ержанов азаматтарға ауруханаларда жеңілдік қарастырылу керегін жеткізді. Ал, «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» ЗТБ-ның төрайымы Анар Ізден бірнеше ұсынысын ортаға салды.

Басқосудың соңында өңір бойынша «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Өбішке облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

# Мерейлі жылдың ризығы мол болғай

Нақты көрсеткіштерге тоқталсақ, өңірде 188,1 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары өгіген. Күріштің көлемі 83,6 мың гектар. Су ташпылығына байланысты күріш алқабының көлемі былтырғыдан 5,9 мың гектарға дейін азайды. Бірақ оның орнына суды аз қажет ететін мал азықтық және майлы дақылдар орналастырылды. Бұған қосымша картоп, көкөніс, бақша дақылдары да бар. Жалпы өткен жылмен салыстырғанда етін көлемі 9,8 мың гектарға дейін артып, 3,9 мың гектарға ұлғайған.

Басты дақылдан жоғары өнім алу өте маңызды. Сол мақсатпен күріштікке 100 процент жоғары репродукциялық тұқым себілген. 71,9 мың гектар етінге тынайтықшы беріліп, 69,2 мың гектары арам шөптерге қарсы өңделді.

Қазір күріш атыздарының суы тартылып жатыр. Арнайы кесте бойынша 67,6 мың гектар немесе 80 проценттен астам күріш атыздарының суы байланды. Облыста бидай, арпа, сулы дақылдарын жинау аяқталса, мақсары, картоп, көкөніс,

бақша, жүгері дақылдарын жинау жұмыстары әлі жүріп жатыр.

Егіншілерге ең қажеттісі – жаймаушақ ауа райы. Ал науқан кезінде мамандар болжамы бойынша ауа райы қолайлы болмақ. Осыған сәйкес аймақта жылы-терімді 10 қазанға дейін аяқтау жоспарланған.

Жалағаш ауданына жұмыс сапарында облыс басшысы Таң ауылдық округіндегі атқарылған жобалармен де танысты. Оның бірі – ет өңдеу цехы. Екі жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан шағын өндіріс орнында күніне 5 мүйізді ірі қара сойылады. Цех жұмысын көрген өңір басшысы өнімінің қауіпсіздігі мен сапасына назар аударуды тапсырды.

Мұнан соң облыс әкімі орташа жөндеуден өткен Орынбай жырау көшесін көрді. Мамыр айында басталған асфальт төсеу жұмыстары шілдеде аяқталған. Елді мекенде барлығы 14 көше болса, оның 8-і қалыңқа келтірілген. Сонымен қатар, осы көшеде орналасқан №118 орта мектеп ғимараты да күрделі жөндеуден өтіпті. Есік-терезелері, едені толық ауыстырылып, су, қарыз, электр жүйелері жаңартылыпты. Мектеп ауылдағы шәкірт-

терді қабылдауға дайын тұр. Аймақ басшысы мектеп басшылығына оқу процесіне әзірлікті тағы бір пысықтауды, санитарлық-дезинфекциялық шараларды толық орындауды тапсырды.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Қармақты ауданына да барды. Алымын Дун Оңғар ауылындағы орталық алаңның салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Орталық алаңның құрылысын «Жаңажол» ЖШС жеке қаражат есебінен жүргізген. Жоба қуны – 250 млн теңге. Бұл жерде арқа, стела, сұбұрқақ, балаларға арналған спорттық ойын алаңы, сауда дүкені орналасқан.

Ауылдың ішінің ажарын келтіріп, келген қонақтар танданатындай жұмыстарды қолға алдық. Орталық алаң салып, ортасына бес жылдызды стеланы тұрғыздық. Оның салыну тарихы мың әріде. Ол 1930 жылы біріккен бес шаруашылықты білдіреді. Бес жылдығыз неге тірелді десеніз, осы ғана. Бес шаруашылықтың ұйыған айрандай бүгінге

дейін бейбіт еңбек етеді. Еңұшар басындағы алақан бейнесінің үстіне «Жаңажол» ЖШС логотипін орналастырдық. Жаңа-жағындағы әуенді сұбұрқақ, тамаша аялы, сауда орындарының өздеріңіз де көріп отырсыздар. Шаруашылық бұған қолдау қаржы қарастырды. Ал одан бөлек, осы алаң жанынан спорт көшенін салу жоспарымызда бар, – дейді шаруашылық төрағасы Орынбасар Төлепов.

Шаруашылық биылғы науқанды да тамаша жетістікпен аяқтаймыз деп отыр. Осы жылы 3 мың гектарға жуық күріш өккен. Орта есеппен гектарына 70 центнерден өнім алу межеленген. 400 адамды жұмыспен қамтыған серіктестікте орташа айлық 100 мың теңгенің үстінде екен.

Мұнан соң облыс әкімі аудан орталығы – Жосалы кентінде орналасқан ҚР Мемлекеттік Рәміздер алаңының ашылу рәсіміне қатысып, тұрғындарды құттықтады.


Биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мерейтойын атап өтудеміз. «Біз тәуелсіздікке амансап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз

керек» деп Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқан болатын. Сондықтан, бүгін киелі Қармақты жерінде көк байрағымызды биікке көтеріп, Мемлекеттік Рәміздер алаңы ашылып отыр. Тәуелсіздігіміз баянда, бірлігіміз бекем болсын! Көк туымыз көкте мәңгі желбірей берсін! – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Аймақ басшысы салтанатты шарада өнер көрсеткен, халықаралық және республикалық жыршылар байқауларының жүлдегері, Елбасы қолынан домбыра алған жас өнерпаз Арай Оңғарқызына сый-сияпат жасады.

Айта кетейік, Рәміздер алаңының құрылысын жүргізген бас мердігер – «SILK ROAD CONSTRUCTION» ЖШС. Құрылыс жұмыстары был мамыр айында басталып, тамызда пайдалануға беріліп отыр.

Айта кетейік, облыстың бірқатар аудандарында басты дақыл – күрішке орақ түсіп, дәстүрлі шаралар ұйымдастырылды.



30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Конституция – заң қаріінде өрнектелген жалпыұлттық идея. Ата Заң – мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халықтың өзі екенін айқындайды. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Конституцияны қабылдау кезінде жүргізілген референдум егеменді еліміздің дербестігі мен саяси тұрақтылығын сипаттаған бірден-бір тарихи, әлеуметтік маңызы зор құжатқа айналды.

«Конституция» латыншадан аударғанда «құрылыс» деген ұғымды береді. Яғни, өміріміздің, тыныс-тіршілігіміздің, ел-жұрт болып бірігіп мемлекет құруымыздың айғағы. Осы орайда облыстық Әділет департаментінің басшысы Ирина Бакишевамен сұхбаттасқан едік.

– Ирина Жұмабайқызы, Ата Заңның ел Тәуелсіздігіндегі, азаматтар өміріндегі ролі қандай?

– Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Қазақстанда Ата Заң тұңғыш рет 1924 жылы одан кейін, 1937, 1978, 1993, 1995 жылдары жазбаша түрде қабылданды. Ал қазіргі қолданылып жүрген Конституция 1995 жылы 30 тамызда Бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған. Оған дейін, яғни Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Ата Заңын қабылдаған болатын. Конституция жобасын дайындау кезінде әлемдік демократияның тәжірибелерін, қазақстандықтардың қалауын жан-жақты сараптауға, қызу және



Тағы бір ерекшелігі – Конституцияның жоғарылығы. Бұл принцип мемлекеттің Конституцияға бағыныштылығын білдіреді. Яғни, барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды адамдардың жұмысы Конституцияға негізделуі керек.

Ата Заң – барлық нормативтік-құқықтық актілердің негізі. Республикада қабылданған заңдар мен өзге актілердің Конституцияға сәйкестігін Конституциялық Кеңес қабылдайды. Қазақстан Республикасында құқықтың жеке салаларына жататын мемлекет заңдары бірыңғай жүйеге келтірілген.

Цифрландыру мәселесіне көшсек, негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Әділет департаментінің маңызды функцияларының бірі – халыққа мемлекеттік қызмет көрсету. Бұл салада, мемлекеттік қызметтер электронды түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметтер халық тұтынатын басты қызмет болғандықтан, оның қолжетімді әрі жылдам атқарылуы маңызды. Тұңғыш Президенттің «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы негізінде іске асып жатқан «Электронды үкімет» жобасының да көздейтіні осы. Яғни, электронды үкімет – цифрландыру терминінің күнделікті тұрмысқа дендеп енуімен бірге келген жаңа үрдіс. Ол мемлекет пен халықтың виртуалды байланысын қалыптастырып, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алуды барынша жеңілдетуге көмектеседі.

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қолға алынған тұста ҚР Конституциялық кеңесі тарапынан көтерілген мәселенің бірі – азаматтардың конституциялық мәдениетін жаңғырту туралы пікіріңіз қандай?

– Конституциялық Кеңестің қызметі елдің Негізгі Заңының мұқияттылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Ол конституциялық құндылықтарды түсіндіру мен насихаттау және қоғамның конституциялық мәдениетін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдауға. Мұндағы мақсат – қоғам мен мемлекетті жаңғыртудағы Конституцияның ролін терең ұғыну, халықтың конституциялық мәдениетін арттыру. Сондықтан да азаматтардың конституциялық мәдениетін жаңғыртуда Конституциялық кеңес тарапынан көтерілген мәселенің маңыздылығын атап өткім келеді. Азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру жөнінде мақсатты жұмыстарды әділет департаменті де жүргізіп келеді.

– Бұл бағытта департамент тарапынан қандай шаралар атқарылуда?

– Халықтың еркі көрініс тапқан бұл құжат еліміздің нормальды принциптерінің көмегімен ғана емес, бекітілген идеялары арқылы да қоғам мен мемлекетті өркендеті елдердің қатарына жетелейді. Сондықтан қазіргі кезде басты міндет – жеке тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттік органдардың Республика Конституциясына деген дәстүрлі құрметін дамыту. Егер біз осы міндетті орындасақ, алдыңғы қатарлы Қазақстан мемлекетінің қалыптасқаны. Ең алдымен, әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Жалпы Әділет органдары мемлекеттіліктің нығаюы мен дамуына, заңнаманы жетілдіруге, азаматтардың конституциялық құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруға әрдайым белсенді үлесін қосып келеді. Сонымен қатар, қазіргі елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты онлайн режимінде департамент басшылығымен және сала мамандарымен азаматтарды жеке қабылдаулар жүргізіліп, түрлі құқықтық көмектер көрсетіледі.

Сұхбаттасқан  
Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

ҰРПАҚҚА БІТКЕН ҮЛКЕН БАҚЫТ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛУ

Алдымызда екі үлкен мереке келе жатыр: біріншісі 30 тамыз – Конституция күні және 16 желтоқсанда Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Қызылорда қаласында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына байланысты облыстық деңгейде үлкен шара өткізіліп жатыр. Қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени барлық қарым-қатынастарды реттейтін бір-ақ заң бар, ол – Конституция.

Біз Конституцияның аясында өмір сүріп келе жатырмыз. Қалған заңдар барлығы осы заңнан таралады. Барлық елдің Конституциясы бар, заңдарды сынаушылар да жоқ емес. Алайда осы Конституция аясында біз халыққа үлкен мүмкіншіліктер жасай аламыз. Ата Заң қабылданып, билік тармақтарының бәрін шегендеп, бағамдап бергеніңізі өзі мемлекетіміздің дамуына зор ықпалын тигізді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы бізге не берді? 19 миллион халық одан не ала алады? Кеңес Одағында өмір сүрген халқымызда алға басушылық бар ма? Сараптап келген кезде біздің қоғам экономикалық, әлеуметтік, саяси жағынан бірнеше мыңдаған шақырым алға жылжыды. Тәуелсіздік алғалы ең үлкен шаралардың бірі – ол мемлекетіміздің ішкі және сыртқы дамуына не болды. Ата Заңды бекітіп, ешбір елмен соғыстық жағдайларға жеткізбей шекарамызды шегендеп алдық.

Әлемдік дамуға ең жақсы жол ол – нарықтық қатынас. Біз нарықтық қатынасқа түскен мемлекетсіз. Әлемдегі дамыған мемлекеттер бәсекеестік, даму мен сұраныс, ұсыныстың аясында дамыды. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттер арасында ең алғашқы болып 1992 жылдан бері нарықтық қатынасқа еніп, қазірде Қазақстан толықтай нарықтық қатынасқа енген мемлекет деп бүкіл әлем мойындайды. Қазақстанды бүкіл дүние жүзі мойындайды, біз әлемдік қауымдастықтың бір пұшағы, субъекция ретінде өмір сүреміз. Әлем мойындау дегеніміз бұл – Қазақстанның дербес мемлекет болуы.

Ұрпаққа біткен үлкен бақыт – Тәуелсіз ел болу. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Аға ұрпақтың Тәуелсіздікті тұрақтылықта, татулықта келер ұрпаққа табыстауы – біздің міндетіміз.

Мен Тәуелсіз Қазақстаныммен мақтанамын!

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,  
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

ХАЛЫҚТЫҢ ЕРКІ КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰЖАТ

өткір талқылауға назар аударылды. Нәтижесінде, 1995 жылдың 30 тамызында өткен Бүкілхалықтық референдумда қатысушылардың 90 проценті жақтап дауыс беріп, қазіргі қолданыстағы Конституцияның қабылданғаны белгілі.

Конституция Қазақстан Республикасын демократиялық мемлекет деп жариялайды. Оның демократиялығы, ең алдымен, мемлекет ішінде халық басқаруын қамтамасыз етуінен көрінеді. Ата Заңның 3-бабының 1-тармағында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық делінген. Бұл конституциялық норма Қазақстанның халықтық мемлекет екендігін білдіреді.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжаты – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Ал Конституция – мығым емес мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжыма бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстан азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді.

Конституциямызда айтылғандай, еліміздің ең басты қазынасы – адам, оның құқығы мен бостандықтары. Аталған заңнама осындай ұлан-ғайыр елімізде бірлігіміз жарасып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тату-тәртіп өмір сүруіміздің кепілігі мен айқын нышаны болып табылады. Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты.

– Конституциямызда бекітілген тұлғаға құрметпен қарау қағидалары қандай?

– Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Конституциямызда бекітілгендей, тұлғаға құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, сот пен заң алдындағы теңдік, жалпы теңдік қағидалары заманымызға сай идеологияға айналды.

Мәселен, Конституциямыздың 16-бабы әркімнің жеке басының бостандығына құқық жәрия етті. Яғни, заңда көзделген реттерде ғана және тек соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі.

Конституциямыздың 17-бабында «адамның қадір-қасиетіне қол сұғыл-

майды» делінген. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы.

Осылайша, мемлекетіміздің Ата Заңы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтаған, әлемге, адамзат ғаламына Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш еткен құқықтық құжат болып табылады.

– Конституция күнін мерекелеудің мән-маңызына тоқталсаңыз...

– Конституция күнін мерекелеу – тек ұлттық емес, өз елінің әрбір патриоты үшін жеке мереке. 30 тамызда Қазақстан халқы дәстүрлі түрде Конституция күнін атап өтеді. 26 жыл ішінде тәуелсіз ел екендігіміздің айғағы – бұл қасиетті дата мемлекеттік мереке болып саналып, демалыс күні ретінде жарияланған. Қазақстан Конституциясы – халықтың бірлігі мен мемлекетіміздің Тәуелсіздігі үшін берік іргетас. Біздің Ата Заңымыз алдағы уақытта да азаматтарымыздың мүдделеріне сай табысты қызмет етеді, еліміздің одан әрі дамуына үлес қосады. Мереке қазақстандық мемлекеттілікті дамытуға да айтулы оқиға.

– Құқықтық жүйенің, Ата Заңның қазіргі цифрландыру мен ақпараттандыру қарқынына, жаңа заман талаптарына, жаңа технологиялық процестерге сәйкестігі туралы айтыңыз...

– Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі қоғамдық қатынастарды реттейтін, жалпыға бірдей мінәз-құлық ережелерінің жиынтығы ретінде түсінуге негізделеді. Адамның табиғи құқығы мен бостандығын мойындау, Конституция деңгейінде бекіту және ерекше мән беру – Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің ерекшелігі.

БРИФИНГ

Кәсіпкерлік саласында ірі жобалар жүзеге асырылуда

Сырлария ауданының өнеркәсіп саласында өң динамика қалыптасқан. Кәсіпорындарда өнім өндіру 48,3 процентке артты, оның ішінде тамақ өнімдерін өндіру ұлғайған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев мәлімдеді.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

Аудан экономикасына 13 млрд теңге инвестиция тартылған. Оның 1 млрд теңгесі құрылысқа жұмсалып, 9 мың шаршы метрге тұрғын үй салынған. Ауыл шаруашылығы саласында да өнім көлемі жылдан жылға еселеніп келеді. Өткен жылдан тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,6 процентке көбейген. Биыл аудан

шаруалары 32567 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын екті. Оның ішінде күріш 20542 гектарды құрады.

Ауданда мал басында өсім бар. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 4, жылқы 16,5, түйе 15,4 процентке көбейген. Шаруалар «Агробизнес», «Іскер» және



«Сыбаға» сынды мемлекеттік бағдарламаның арқасында мал басын арттырды. Кәсіпкерлік саласында да ілгерілеу байқалады. Ауданда мемлекеттік және өңірлік бағдар-

ламалар аясында 315 жобаға қаржылай қолдау көрсетіліп, жанадан 324 құжым орны ашылған.

Облыстың 2021-2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары шеңберінде аудан бойынша 20 жоба жүзеге асырылмақ. Биыл 15 жобаны іске қосу жоспарланса, 10-ны іске асып, 52 жұмыс орны ашылды. Ал, жыл соңына дейін 5 жоба орындалады. Аудан әкімі халықты баспапанам қамту мәселесі күн тәртібінде тұрғанын айтты. Қазір ауданда 538 азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Осы ретте, республикалық бюджеттен 11 елді мекенде 33 тұрғын үй құрылысын жалғастыруға және аз қамтылған көпбалалы отбасына 10 үй сатып алуға қаржы бөлінген. Бұдан

бөлек, биыл мемлекет есебінен 43 отбасы баспаналы болмақ.

Аудандағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі 92 процентті құрайды. Жол жөндеу жұмыстарына республикалық және жергілікті бюджеттен тиісті қаржы қаралған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде 2 көше құрылысы, 3 көшені жөндеу жұмыстарына тиісті қаражат бөлінді.

Брифинг барысында М.Ерғешбаев аудандағы негізгі мәселелерге де тоқталып, шешу жолдарын қарастырып жатқанын айтты. Мәселен, елді мекендердің электр желілерінің 70 проценті тозығы жеткен. Шаған, Аманкелді, Қоға-

лықөл, А.Токмағанбетов ауылының электр желілерін шұғыл жаңарту қажет. Аудандық бюджет есебінен «Кентау трансформатор зауыты» серіктестігінен 10 дана трансформатор сатып алынған. Жыл басында Тереңөзек кенті «көгілдір отынға» қосылды. Айталық, аудан орталығында 710 жеке тұрғын үй, 18 мекеме мен кәсіпкерлік нысан, 11 көпқабатты тұрғын үй табиғи газдың пайдасын көруде. Биыл А.Токмағанбетов, Қалжан ахун, С.Сейфуллин және Шалаң елді мекенін газдандыру жобасы әзірленуде.

Аудан башысы жиында өзге де салаларда атқарылып жатқан жұмыстарға кенінен тоқталып, сұрақтарға жауап берді.

Муаззам РАХМЕТОВА,  
Әзбек ұлттығын өкілі,  
Қазалы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы



Ата Заң – татулықтың алтын арқауы



Биыл Тәуелсіз ел атанғанымызға 30 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде еліміз бағындырған белес тұрақтылық пен бейбітшіліктің арқасында болса, оның негізі ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айқындаған этносаралық келісім мен бірліктен бастау алады. Қазір елімізде әлемде теңдессіз саналатын көпэтностық қоғамдық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасты.

Қиын-қыстау кезеңді бастан кешіп, тағдырдың жазуымен жер аударылған түрлі ұлт өкілдерін қазақ халқы шеттетпей, бауырына басты. Азат атанған, өзін әлемге бейбітсүйерлікпен мойындап білген еліміз татулықта сактау мен нығайту ісіне айрықша атсалысып келеді. Сыр өңірінің өзінде өзбек этносының 1500-ге жуық өкілі бар. Өткен ғасырдың 30-40 жылдары жатпай Қазақстанға жер аударылған сан алуан этностың бір шоғыры Қазалы ауданында да қоныстанып, тамырын тереңге жайды. Олардың барлығы қазір қазақтың тілі мен салт-дәстүрін жетік менгеріп, өмір дамуына лайықты үлес қосуда. Оның қатарында мен де бармын.

Биыл Өзбекстан Республикасының Бас Консулы Аброр Құлхулаев Сыр өңіріне іссапармен келгенде өзбек этномәдени бірлестігінің белсенді мүшелерімен диалогтасқан еді. Консул облыста этносаралық келісімді нығайтуда этномәдени бірлестіктер мен азаматтық институттардың өзара қарым-қатынасына ерекше көңіл бөлінгенін және «Достық үйі» бейбітшілік пен келісімнің, жарқын бастамалардың орталығына айналғанын атап өтті. Расында, бұл бағыттағы жұмыс жүйелі деуге негіз бар. Елде әрбір этнос өкіліне жағдай жасалған. Бұл ретте Конституцияның ролі салмақты. Барлық этностарға біртұтас ұлттың ажырамас бөлігі болуға мүмкіндік берген де – Ата Заң. «Кім қайдан бақыт тапса, ол соның жұмағы». Бір кезде бабалардың табын тиген топырақ қазір біз үшін туған жерге айналған. Әдетте жетістігің сүйсініп, қиындығына күйініпін туған жер дегенде тебіренбейтін адамның болмауы мүмкін емес. Сондықтан мен өзімді Қазақстанның ажырамас бөлігіне байлаймын. Тұңғырлы тәуелсіздік – бейбіт өмірдің бастауы, ал Ата Заңымыз тәуелсіздіктің алтын арқауы деп білемін.

«... Академиктермен кездескенде айтып жүретін едім, дүниеде болмаған, ашылмаған жаңалықты ашсақ жақсы ғой, әрине, ол нағыз революцияның өзі болар еді...»

Нұрсұлтан Назарбаев

# ЖАҢА ҒЫЛЫМИ ИДЕЯ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ



үйіп-төгіп беруге негізделген қазіргі жалпы тіл білімі пәнінің еш ғылыми мәні жоқ. Мұның орнына тілдің генетикалық теориясын оқыту аса маңызды болмақ. ЖОО-ның алғашқы курсында оқытылатын «Тіл біліміне кіріспе» пәні де осы тәрізді ескірген көзқарастарға негізделген.

VIII. Адамзат жазуының пайданы болу негіздері туралы түсінік те генетикалық тұрғыдан тілдік таңбалармен байланысты түсіндіруді қажет етеді.

Генетикалық тіл білімі мәселерін оқыту тек бір тілді аудиторияға ғана қатысты емес. Бұл пән көп тілді аудиторияға да арналады. Яғни, мұны тіл бағытындағы оқитын орыс, ағылшын, араб, т.б. мамандықтардағы студенттер осы тілдердің лексикалық материалдарын өз ішінде де, сондай-ақ өзге тілдермен өзара генетикалық тұрғыдан салыстыра отырып та оқи алады. Мұның өзі студенттерді еркін, ғылыми ойлауға баулиды, қалыптасып қалған, бірақ қазірде ғылыми мәні жойылған қасаң теориялық ережелердің кемшіліктерін өз көздерімен көруге, практикалық, лабораториялық тұрғыдан жұмыс жасауға үйретеді. Аталған мәселелер туралы кезінде республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне («Тіл ғылымының негіздеріне жаңаша көзқарас керек» («ЕК», 24-сәуір, 2018 ж.) мақала жариялап, бұл жайларды республика көлемінде көтеру қажеттігін айтқан болатынмын. Қазақстанның көптеген ЖОО-ларында осы мәселе бойынша лекциялар оқып, көптеген кафедралар мен белгілі ғалымдардың он пікірлерін де алдым. Қызылорда облысы әкімінің бірімен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қолдауымен және белгілі ЖОО Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті және Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті тіл кафедраларымен бірлесіп отырып, үстіміздегі жылдың 14-сәуірінде «Генетикалық тіл білімі – гуманитарлық білімнің заманауи жаңа бағыты: зерттелуі, мәселелері, болашағы» тақырыбындағы I Халықаралық ғылыми-теориялық онлайн конференция ұйымдастырылып, оған қатысып, баяндама жасаған отандық және шетелдік белгілі ғалымдар (Белоруссия, Қырғызстан, Әзербайжан ғалымдары) генетикалық тіл білімі идеясын халықаралық дәрежеде насихатталуына ұсыныстар жасады.

## 4. Сөзжасамдық жүйе генетикалық тұрғыдан

Сонымен, дыбыстанымнан сөзтанымға өтсек, сөзжасамдық жүйе қызметі генетикалық тұрғыдан былайша көрінеді: мысалы, жоғарыда келтірілген БІР сөзіндегі УП негізі («бi» элементі) ғаламның («шар-қоршауды») «бүтіндік» ұғымын білдіріп тұр: әрбір «бүтін» нәрсе – біреу (БІР). Бүтін сөзінің өзінде де осы УП тілдік негізінің «бү» нұсқасы қолданылып тұр: Ғалам – Бүтін. Тарата түссек: әрбір бүтін нәрсе – «бөлек», әрбір бөлек нәрсе – «басқа», әрбір басқа нәрсе – «бөтен», т.б. Бұл сөздердің бәрі де бір ғана УП тілдік негізі арқылы жасалған. Осылайша логикалық интерпретациялау арқылы адамзат тіліндегі сөздердің пайда болуының логика-философиялық негіздері айқындалады. Орыс тілінен келтірілген «мир» (ғалам) сөзінде УП-«шар-қоршау» (Ғалам) логикалық ұғымы өзінің тура «шар-қоршау» мағынасында қолданылып тұр: Ғалам – шартты түрдегі «Шар-қоршау», «Ұлы Қоршау». Көне түркідегі ЕБ «үй» сөзі де осы – «УП шар-қоршау» логикалық ұғымы арқылы жасалған: ҮЙ – адамзаттық отбасымен тіршілік ететін әлемі – кіші әлем. Бір ұғым орыс тілінің «дом» сөзінің құрамында «ом» түрінде, арабтың «бейт» сөзінің құрамында «бе» түрінде келеді. Қысқасы, «Ғалам» заттық ұғымы және оның құрылымдық-семантикалық элементтерінің заттық ұғымдары «логикалық ұғымдар» түрінде абстракцияланып, адамзат тілі сөздерінің ең ілкі жасалу негіздерінде қызмет етіп тұр. Төменде «бүру» (врашать) ұғымының қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі УП-негізі арқылы берілуінің кейбір мысалдарын келтірдік:

логикалық ұғым және оның семасы	қазақ тілі	орыс тілі	ағылшын тілі
«Шар-қоршау» лог. ұғымы «айналу-бүру» семасы	бүр бұра айнал (б-и) ауна (б-у)	врашать оборот бурить плести (есу, оры, орау)	revolve
әр түрлі зат атауларында	би апта айна	болт бинт винт авто	bolt bandage screw auto

Қорыта айтқанда, генетикалық тіл ғылымы бүгінгі алуан түрлі тілдердегі сөздердің генетикалық туыстығын тануға ғана емес, жалпы адамзаттық ілкі ойлау жүйесінің, яғни ақыл-ой қызметінің принциптерін түсінуге, адамзат тілінде жинақталған жалпы адамзаттық құндылықтарды тереннен тануға жаңа мүмкіндіктер ашады.

## III. ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНА ЖАҢА МАЗМҰНДАҒЫ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЖЕТ

Қарап отырсаңыз, қазіргі дыбыстаным мен сөзтаным, жалпы, тілтаным туралы түсініктеріміз генетикалық тұрғыдан мүлде жарамсыз екеніне көз жеткізеді деп ойлаймын. Біз алдағы

уақытта мектептер мен ЖОО-да тілдік ақиқатқа сәйкес келмейтін, ескірген көзқарастарды оқу мазмұнынан ығыстырып, генетикалық тұрғыдағы жаңаша түсінікті енгізе отырып, тіл білімі саласындағы жаңа білім бағдарламасын жасау қазіргі уақыт талабы деп білеміз және бұл тіл ғылымының тек жоғарыда аталған ДЫБЫСТАНЫМ (фонетика) саласына ғана емес, барлық салаларына дерлік қатысты.

II. Сөзтаным (лексикология) саласында:

1. Сөздің идеялық (мағыналық-семантикалық) жағының пайда болу, өзгеру жүйесі дұрыс оқытылмайды. Сөз мағынасының пайда болуының идеялық түпнегіздері туралы түсінік жоқ. Тіл және ойлау мәселелері мүлде назардан тыс қалады. Бірден-ау мағыналар, олардың әртүрлі өзгерістері туралы айтылады. Сөздің көпмағыналылығы, синоним, антоним болуының себептері, т.б. көптеген мәселелердің генетикалық табиғаты ашылмағандықтан, бұлайша оқыту – жаттанды оқыту, бұрын-соңды айтылған әртүрлі пікірлерді жалпылама қайталау ғана болып шығады. Мұнан студент жүйелі білім алмайды, тек сол бұрынғы қалыптасқан көзқарастарды дұрыс-бұрысын ешқашан түсінбестен, ой елегінен өткізбестен, қайталап айтуға ғана ұмтылады, соған мәжбүр болады.

2. Сөз пайда болуында аса маңызды қызмет атакаратын тілдік негіздер мәселесі лексикологияның да, морфологияның да назарынан мүлде тыс қалады. Өйткені қазіргі тіл ғылымында тілдік материалдық-идеялық негіздер, тілдік танбалар, яғни ең ілкі сөз қалыптартуы туралы түсінік мүлде жоқ. Бұл мәселені тек генетикалық тіл білімі ғана түсіндіре алады.

3. Ұғым, логикалық ұғым, заттық ұғым, семантикалық өрістер мәселесі терендей түсіндірілмейді.

4. Атау теориясы дұрыс түсіндірілмейді.

5. Сөздің пайда болуы этимология тұрғысынан ғана оқытылады, ал мұнда аса көп кәтелер мен бұлдыр болжамдар мол. Сөз пайда болуының генетикалық тұрғыдан қарастыру аса маңызды.

III. Сөзқұрылым (морфология) саласында:

1. Сөз құрылымы дұрыс оқытылмайды. Сөз құрылымы түбір мен қосымшадан тұрады, - деп түсіндіріледі және түбір термині мен негіз (основа) терминдерінің түсініктері шатыстырылып, өте зиянды қате пайымдауларға жол беріледі.

2. Тілдік негіздер туралы мәселе – тіл генетикасы ғылымы ғана ашып отырған ең жаңа және аса маңызды ғылыми жаңалық. Мұның қазіргі тіл білімін оқыту жүйесіне енгізілуі өте қажет. Осы мәселе түсіндірілмегендіктен де бүкіл тілдік құбылыстың болмысы дұрыс танылмай отыр.

IV. Сөзжасамдық жүйеде сөзжасам негіздері дұрыс түсінілмегендіктен, сөз жасалуындағы қосымшалар қызметіне ғана баса көңіл

бөлінеді және соның өзінде бұл дұрыс, жүйелі баяндалмайды. Ал сөз пайда болуының генетикалық негіздері, генетикалық синтагты семантикалық өрістер, олардың өзіндік ерекшеліктері т.б. мәселелер қазіргі ғылымның түсінігінде жоқ.

V. Тарихи грамматика қазірде, қазақ тіл білімінде, негізінен, М.Томанов авторлығымен өткен ғасырдың 60-жылдарында шыққан оқулықпен («Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», М.Томанов, қайта бақылауға берілген) оқытылады және бұл оқулық білім мазмұны жағынан да, оқулық ретіндегі сапасы тұрғысынан да көнерген. Тарихи грамматика:

1) Құрылымдық тіл білімінің бір саласы болып табылады, яғни мұнда тілдің танымдық мәселелері қарастырылмайды. Біз тіл ғылымындағы тарихи грамматиканың жетістіктері мен мүмкіндіктерін жоққа шығармақ емеспіз. Дегенмен, нақты тарихи деректер мен нақты тарихи уақыт шеңберінде тұйықталып қалған бірінші қырылымдық бағыттағы ізденістер тіл табиғатын тереннен түсіндіруге дәрменсіз екені ғылымда енді айқын көрініп отыр. Мұнда тіл генетикасы ғана терең мәліметтер бере алады.

2) Тарихи грамматикада тіл дыбыстарының тарихи өзгеру заңдылықтарын түсіндіруге көптеген кемшіліктер, қате көзқарастар бар.

3) Түбір мен негіз мәселесінің проблемалары, яғни бұлардың дұрыс түсіндіріліп отырығаны мұнда да айрықша көрінеді;

4) Бір бұныды түбірлер деп аталатын тілдік бірліктер дұрыс айқындалмаған.

5) Тарихи грамматика оқулықтарында орын алып отырған түбір сөз табиғатын сөздің қосымшалары арқылы зерттеу әдісі ақиқатқа сай келмейді.

6) Аталған «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (М.Томанов) оқулығында көптеген шетелдік ғалымдардың кезінде, мүмкін, алуан түрлі ғылыми ізденістерінің нәтижесі ретінде көрінген, бірақ қазірде, көбінесе, әртүрлі нәтижесіз болжамдар ретінде ғана бағаланатын, тілдік ақиқатқа сай келмейтін, студенттер үшін еш қажетсіз пікірлеріне аса көп орын беріледі.

7) Тірі организм ретіндегі тіл табиғатына мүлде жат, яғни тілдік ақиқатқа сай келмейтін «өлі түбірлер», «өлі қосымшалар» деген тілдік элементтер туралы айтылады. Генетикалық тіл білімі тілдік құбылыстың бойында ешқандай да өлі элемент болуы мүмкін емес екендігін көрсетеді.

8) Сөздердің тарихи өзгеруі мен алуан түрлі нұсқаланыуының себептері толық және тереннен түсіндірілмейді.

Қорыта келгенде, тарихи грамматика оқулығы жаңаша мазмұнда қайта жазылуды қажет етеді.

VI. Танымдық (когнитивтік) лингвистика қазірде тілдік құбылысты этнолингвистикалық тар ауқымда оқытады. Тілдің түпкі негіздерінде жалпы адамзат баласына ортақ ғаламтанымдық түсініктер тұр. Жалпы

адамзат тілі бір негізден тараған. Бұл пікірді көптеген ғалымдар қазір де қолдайды. Мұны тіл генетикасы түсіндіріп бере алады. Сондықтан тілді жеке ұлттық құндылық ретінде қарамастан бұрын, ең әуелі оны жалпы адамзаттық ұлы интеллектуальдық мұра деп қарау керек. Тіл генетикасы тұжырымдары бұл бағытта аса мол материалдар бере алады. Ал ұлттық ауқымда қалып қойған тіл ғылымы тіл бойындағы жалпы адамзаттық игіліктерді жеке ұлттық ауқымға тартып, оның манызын барынша тарылтып тастайды. Бұл «Тіл – ұлттың рухы» деген В.Гумбольдт көзқарасын теріске шығару емес, біз оны жалпы адамзаттық тұрғыдан кеңейту қажеттігі туралы айтамыз.

VII. Жалпы тіл білімі пәнінде тілдің негізгі теориялық мәселелеріне қатысты қазірде қалыптасып отырған көптеген қате көзқарастар оқытылады. Бұл пән мазмұны үш бөлімнен тұрады: 1. Тіл зерттелуінің тарихы; 2. Тілдің теориялық мәселелері. 3. Зерттеу әдістері. Пәннің I-бөлімінде студенттерге тіл және ойлау, тіл пайда болуы мәселелері туралы ерте замандардағы кытай, үнді, араб, грек елдері ғалымдарының еш нәтижесіз аяқталған, бүгінде студентке еш пайдасы жоқ, тек қосымша оқуға ғана ұсынуға тұрарлық материалдары оқытылады. Қайсыбір замандардағы авторлар, олардың қайсыбір жылдары шыққан, атын оқытушының өзі де әзер есіңде сақтайтын (сақтаса), тілдің шынайы табиғатын түсіндіруге мүлде пайдасы жоқ кітаптары туралы ұзын-шұбақ әңгімелер – қазіргі студентке еш қажетсіз материалдар.

Пәннің 2-бөлімінде тіл білімінің ең басты мәселелері: тіл пайда болуы, тіл және ойлау, тілдік таңба мәселелері кезінде батыстық (орыс) тіл білімінде қалыптасқан, қазірде мүлде ескірген көзқарастар бойынша түсіндіріледі. Біз бұл мәселелерге: тіл пайда болуына да, тіл және ойлау мәселелеріне де, сондай-ақ тілдік таңбалар жайына да қазірде ұсынылып отырған отандық жаңаша ғылыми көзқарастар, яғни генетикалық тіл білімінің жетістіктері тұрғысынан келу жөн деп білеміз. Бір ғана мәселеге тоқталайық. Қазіргі жалпы тіл білімі курсының тіл теориясына қатысты бөлімде «Тіл – таңбалық жүйе» - дейді де, «тілдік таңба – сөз» деген ақиқатқа сай келмейтін көзқарасты түсіндірмеқ болады. Тілдегі әр сөз бір таңба болғанда, бір тілдің өзінде ғана сан мыңдаған таңбалар бар болар еді. Ал таңба ұғымының шынайы табиғатына мұндай түсінік сай келмейді. Мысалы, сан мыңдаған халқы бар қызақ рулары тек бір ғана таңбаның төңірегінде бірігеді. Шындығында, тілдік таңбалар табиғаты да сондай, яғни бір ғана тілдік таңба арқылы сан алуан тілде сан мыңдаған сөздер жасала алады.

Мұның ішкі құпиясына генетикалық тіл ғылымы ғана түсіндіріп бере алады. Тіл теориясының аса маңызды мәселелерін дұрыс түсіндірмейтін, студенттерге қажетсіз, пайдасыз мәліметтерді орысыз және жүйесіз

Адамзат тілінің теориялық мәселелері кезінде орыс тіл ғылымының көрнекті өкілдері ғана айналысып, саяси бағытталып отырған сала болды. Егемендік рухы ғылым саласына еркіндік берген тұстағы бұл бағыттағы игі табыстарымыз Қазақстан ғылымының жетістіктері ретінде әуелі өз елімізде, оған тыс әлемдік деңгейде насихатталуы – елдігіміздің де іргелі бір мақтаншы болады деп білеміз. Тіл ғылымында ғана емес, гуманитарлық ғылымның өзге де салаларына – философия мен логикаға, семантикаға, т.б. қатысты жаңа көзқарасты – қазақстандық ғылымның көзқарасын қалыптастыру – еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін көтереді. Бүгінде дейін тіл білімі саласында тек біржақты батыстық концепция ғана үстемдік етіп келді. Ескі батыстық көзқарастағы адамзат тілі сөздерінің өлі (мағынасыз) дыбыстардан кездейсоқ пайда болғаны туралы теріс түсінігін оқытудан, тілдік құбылысты сол тұрғыдан зерттеуден бас тартатын кез келді. Адамзат тілінің ғаламдық жаратылыс-болмыспен тығыз байланыста пайда болған аса киелі, сакральды құбылыс екендігін түсіндіретін генетикалық тіл ғылымы идеяларының артықшылығын бүгінгі білім беру жүйесі мен ғылыми зерттеулерде қолдану – қазіргі заманауи тіл ғылымының аса маңызды жаңалығы болмақ.

**Шанжархан БЕКМАҒАМБЕТОВ,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты (Соңы)  
*Басы өткен санды*

## БРИФИНГ

# Облыс әкімінің 98 грант иегері анықталды

Биыл облыс әкімі мектеп бітіруші түлектердің жоғары оқу орнынан білім алуы үшін 100 грант тағайындады. Қызылорда қаласы мен аудандарда құрылған арнайы комиссия өтініш берген 138 үміткердің құжаттарын қарап, нәтижесінде барлығы 98 грант иегері анықталды.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мейрамбек Әбдукаримов мәлімдеді.

Әкімдік жанынан құрылған арнайы комиссияның шешімімен облыс әкімінің гранты еліміздегі үздік 4 жоғары оқу орнына бөлінді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне – 67, «Нұр-Мүбарак» университетіне – 6,

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне – 11, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетіне 16 түлектегі білім алуына мүмкіндік алды. Әкім грантын иеленгендердің 57-сі көпбалалы отбасынан, 18-і тұрмысы төмен отбасынан, 11-і асыраушысынан айырылған отбасынан, 9-ы ата-анасының біреуі мүгедек, 1-і «Атамекен» балалар үйінің тәрбиеленушісі, 2-уі мүгедек бала.

Сонымен қатар, тағайындалған гранттар бойынша білім

беру саласының математика, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті, шет тілі, биология, денешынықтыру және спорт, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандықтарына – 38 грант, өнер саласы бойынша дәстүрлі музыка өнері, хореография мамандығына – 7 грант, ақпараттық қауіпсіздік жүйесіне – 2 грант, азық-түлік өнімдерін өндіру технологиясына – 1 грант, инженерлік желілер мен жүйелерге – 5 грант, суресурстары және суды пайдалануға – 1 грант, кадастр және жерге орналастыруға – 1 грант; журналистика және репортер ісіне – 10 грант, дінтанушы мамандығына – 6 грант, медицина саласы бойынша жалпы медицинаға 27 грант тағайындалды.

«СБ» ақпарат

# Әкімшілік процестегі жаңа құқық қорғау тетіктері

«Халыққа құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, осы жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР-ның Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілді.

Ол азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру үшін ашық және қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Сотқа дейінгі шағым жасаудың міндеттілігі, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда адам шағымды заңсыз акт шығарған органға жіберуге міндетті, ал ол өз кезегінде оны жоғары тұрған органға қайта жолдауды білдіреді, осылайша шағым беру рәсімінің өзі оңайлатылады. Осы ережелер сақталған жағдайда ғана адамның кейін сотқа жүгінуге құқығы бар.

Айта кетейік, бұған дейінгі «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заң өз күшін жойды. Енді заңдармен рет-

телген қатынастар «Әкімшілік рәсімдік-процестік» кодексімен қаралады.

Адамдарға қолайлы болу үшін жоғары тұрған органға шағымды төменгі тұрған орган арқылы берудің жеңілдетілген тәртібі енгізілген. Яғни, әкімшілік орган шағым түскен күннен бастап 3 күн мерзім ішінде өзінің қателігін жөндеп, істі жоғары тұрған органға жолдамай-ақ әкімшілік рәсімге қатысушы үшін қолайлы акт қабылдауға құқылы. Осылайша, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін шешімдер қабылдау процесінде олардың ролі едәуір артады. Бұл адамдардың бұзылған құқығын жылдам қалпына келтіріп, уақытын үнемдейтін болады.

Екі бөліктен тұратын


кодекстің алғашқысы әкімшілік рәсімдер болса, екіншісі – сот үрдісін қадағалап, жүргізу. Азаматтар жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздікке тап болатынын жасырын емес. Демек, бұл заң сол олқылықтарды реттеп, оңтайландырады.

Аталған кодекстің 31-бабына сәйкес бұндай істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына жоғары қадағалауды мемлекет атынан ҚР Бас прокуроры тікелей де, прокурорлар арқылы да жүзеге асырады. Сондықтан, прокуратура органдары мемлекеттік органдар мен азаматтардың арасындағы әкімшілік дауларды шешу барысында заңдылықты қамтамасыз ететін болады.

**Бауыржан ШӘКЕНОВ,**  
Жалағаш аудандық прокуратурасының прокуроры

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы

1. 2021-2022 оқу жылында барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында штаттық форматта оқуға рұқсат етілсін.
2. Барлық деңгейдегі әкімдіктерге, Қызылорда облысының білім басқармасына, барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының басшыларына:
1) 2021-2022 оқу жылында штаттық форматта барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында мынадай:
- Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 25.08.2021ж. «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» №36 қаулысының 1, 2 және 3-қосымшаларының талаптарында көзделген санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтауы;
- педагогтар мен персоналдың 100% вакцинациялануы (тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар адамдарды, COVID-19 ауырып сауыққан адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда);
- ұйымға кіру кезінде «Ashyq» қосымшасын енгізу (педагогтарды, персоналды, ата-аналарды (заңды өкілдерді), 18 және одан жоғары жастағы білім алатын келушілерді QR-код (check-in) бойынша тіркеу);
- маска режимін сақтау;
- ресциркулятордың, санитаризерлердің, терді антисептиктерінің, дезинфекциялау және жуу құралдарының жеткілікті санымен қамтамасыз ету;
- үй-жайларды жинау және дезинфекциялау жиілігін арттыру;
- үй-жайларды ылғалды жинау және дезинфекциялау, үй-жайлардың ауасын желдету және зарарсыздандыру режиміне қойылатын талаптарды сақтау;
- педагогтардың, персоналдың және білім алушылардың күнделікті «кіру» сүзгісі (байланыссыз термометрмен термометрия);
- бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу (мәдени, тәрбие, сыныптан тыс және ата-аналар жиналыстары және т.б.);
- мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында топтар мен сыныптарды біріктіре отырып іс-шаралар өткізуге тыйым салу;
- зертханалық практикалық сабақтарды қоспағанда, кабинеттік оқыту жүйесін қолдану;
- бастаушы, орта және жоғары сынып оқушыларын бөлек ұстау (сабақтың басталу уақыты бойынша ең жоғары мүмкіндікті ескере отырып) жағдайларды оқутуды;
2) асханадағы ауа рециркуляторларының қондырғыларын қамтамасыз ете отырып, тамақтануды ұйымдастыруды бақылауды күшейтуді;
3) бөге адамдардың кіруіне тыйым сала отырып, COVID-19-ға қарсы вакцинация алған (18 жасқа толмаған, сондай-ақ тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19 ауырып сауыққан студенттерді жатақханаға орналастыруға жол беріледі) студенттерді жатақханаға орналастыруды;
4) оқу орны бойынша аумақтық медициналық ұйымдардың егу пункттерінде (жылжымалы егу пункттерін немесе көшпелі егу бригадаларын қоса алғанда) COVID-19-ға қарсы вакцинациялауды толық курсын (екінші компонентпен) аяқтамаған студенттерге вакцинация жүргізуі ұйымдастыруды;
5) шетелдік студенттерді:
- тұрғылықты елдің уәкілетті органымен расталған COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсы;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткеннен кейін 3 тәуліктің кешіктірмей ПТР әдісімен алынған COVID-19-ға тестілеудің теріс нәтиже бар болған жағдайда күндізгі оқу форматына жіберуді;
6) қол қойылған хабарлар етілген келісімі болған кезде рұқсат етілетін, тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар адамдарды, COVID-19-мен ауырып сауыққан адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда) медициналық колледждер мен жоғары оқу орындарының білім алушыларына клиникалық базаларға, резидентура базаларына, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникаларына вакцинациялау паспортымен расталған COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсы бар болған кезде кіруіне рұқсат етуді;
7) педагогтарға, персоналға, ата-аналарға (заңды өкілдерге), келушілерге, студенттерге мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына, колледждерге, интернаттар мен жатақханаларды, асханалар мен буфеттерді қоса алғанда жоғары оқу орындарына QR-код (check-in) бойынша «Ashyq» қосымшасы арқылы, оның ішінде басқа платформалар (мысалы, EGOV mobile, Aitu, Kaspi.kz, Halyk Bank, Sberbank.kz, сайт www.ashyq.kz платформасындағы аналог) арқылы тіркелу кезінде кіруге рұқсат етуді қамтамасыз етсін;
8) мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына, колледждерге, асханалар мен буфеттерді қоса алғанда, жоғары оқу орындарына:
- ресциркуляторлық инфекция белгілері бар адамдарға (жетел, мұрынның бітелуі, дене температурасы 37 градустан жоғары);
- QR-код бойынша тіркеу кезінде «сары» және «қызыл» мәртебесі бар адамдарға («ПТР-зерттеулердің бірыңғай интеграциялық порталы» және «COVID-19 бақылау орталығы» ақпараттық жүйелердің тіркелген, COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі бар, «инфекция жұқтырған» мәртебесі бар пациент ретінде немесе COVID-19-бен ауыратын пациентпен байланыс ретінде;
- COVID-19-ға қарсы вакцинациясы жоқ педагогтар мен персоналға (тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар, ауырып жазылған адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда) кіруге рұқсат етілмейді.



3. Қала, аудандардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлеріне:
1) карантинді енгізуге сараланған тәсілді:
- сыныпта (топта) COVID-19 ауруының 1 жағдайы тіркелген кезде - сынып (топ) 14 күн бойы үй карантиніне оқшаулауға жатады;
- бір ауысымның 30%-дан астам сыныптарында COVID-19 ауруының жағдайлары 1 инкубациялық кезеңде Орта білім беру ұйымында тіркелген кезде-ауысым 14 күн бойы үй карантиніне оқшаулауға жатады;
- колледждерде, жоғары оқу орындарында COVID-19 ауруының 1 инкубациялық кезеңінде бір ағын топтарының 30%-дан астамы тіркелген кезде - ағын 14 күн бойы үй карантиніне оқшаулауға жатады;
2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен келісу бойынша барлық білім алушыларды қашықтықтан оқыту форматына ауыстыра отырып, орта білім беру ұйымдарына, колледждерге, жоғары оқу орнына карантин енгізу мәселесін шешуді;
3) оқу процесі басталар алдында барлық мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына, колледждерге және жоғары оқу орындарына Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 25.08.2021ж. «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» №36 қаулысында көзделген санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізуге қаулылар шығаруды;
4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган лауазымды адамдарын білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтары мен персоналы арасында COVID-19 ауруы жағдайы туралы уақытылы хабарлар етуге (шұғыл хабарлама/ақпарат алған кезден бастап 24 сағат ішінде), сондай-ақ олардың арасында COVID-19 ауруымен ауыратындарға жақын қарым-қатынас жасайтын адамдарды анықтауға;
- осы білім беру ұйымына қызмет көрсететін медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымына;
- білім беру басқармасына;
- білім беру ұйымдарына жауапты етіп айқындауды қамтамасыз етуді.
4. Меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 25.08.2021ж. «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» №36 қаулысы талаптарын қатаң сақтасын.
5. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
6. Осы Қаулы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Д.ЖАНАБЕРГЕНОВА, Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ
МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ
1 000 000 ТТ ДЕЙІН
Қызылорда қ., "Принт" баспаханa ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе ( №3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамуы агенттігімен берілген

ЕЛІМІЗДЕГІ ТАБИҒИ ӨРТТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗИЯНЫ

Жыл сайын климаттың жаһандық өзгеруіне байланысты орман өрттерінің саны өсуде. Алайда, "орман өрттері" термині шөлді және орманды Қазақстан үшін мүлдем жарамсыз. Елдегі орман алқаптары ел аумағының тек 4,5%-ын ғана қамтиды. Сондықтан оларды табиғи өрттер деп басқаша атайды. Бірақ орманның 4,5%-ына қарамастан, елдегі өрт қаупі бар кезең жылдың көп бөлігіне созылады.
ТАБИҒИ ӨРТТЕР НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?
Оттың бақылаусыз таралуы қоршаған ортаға орасан зиян келтіреді. Орман екпелерін, флора мен фаунаы жою зардап шеккен аймақтың экожүйелерінің түбегейлі өзгеруіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, табиғи өрттер жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарына қауіп төндіреді. Құтқарушылар мезгіл-мезгіл төтенше жағдай жариялауға немесе тіпті қауіпті аймақтардан тұрғындарды эвакуациялауға мәжбүр. Көбінесе өрт тұрғын үйлер, қоймалар мен шаруашылықтарға зардабын тигізеді. Ең қайғылы жағдайларда өрт тек ғимараттарға ғана зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге адам өміріне де қауіп төндіреді. Сондай-ақ өрт түтіні тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары бар адамдарға қатты әсер етеді. Денеге енетін күйе мен улы заттар шыршыты қабықтың тітіркенуін тудырады. Сонымен қатар, ұзаққа созылған табиғи өрттер аймақтың логистикасын бұзды, қатты түтін мен нашар көрінудің салдарынан әуе рейстері тоқтатылады.
ТАБИҒАТТА НЕ ЕСТЕ САҚТАУ КЕРЕК?
ТЖД өкілдері жыл сайын азаматтарға өрт қауіпсіздігі ережелерін еске салады. Өрт қауіпті кезеңде құтқарушылар табиғатта қауап пен отырғыстардан бас тартуды ұсынады. Өрттің алдын алу үшін ешқандай жағдайда құрғақ шөпті жағуға немесе от жағуға болмайды. Үйлердің, саяжай құрылыстарының, қураған ағаштардың, ормандардың жанында от жағу өте қауіпті. Бұл кезеңде үлкен аумақта өрттің таралуына ықпал ететін қатты жел ерекше қауіп төндіреді. Өрт шыққан жағдайда дербес 101 немесе 112 телефонына хабарлау немесе өртті сөндіру үшін дербес шаралар қабылдау қажет. Басталған өртті сөндіру жанған өртті сөндіруден оңай екенін есте ұстаған жөн.
Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі

Хабарландыру
Қызылорда облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 25 қаңтардағы шешімімен «Қамқор-несие» несие серіктестігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН 130840017762) мәжбүрлі түрде таратылатындығы жөнінде хабарлайды. Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

ЖОБА
«Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы № 89 шешіміне өзгеріс енгізу туралы
«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қаңтардағы Заңының 24-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5748 нөмірмен тіркелген, облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінде 2017 жылғы 11 наурызында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне 2017 жылдың 18 наурызында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:
аталған шешіммен бекітілген Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органында мемлекеттік тіркелуі;
2) осы шешімнің Қызылорда облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімнің «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» акционерлік қоғамының интернет-ресурсына орналастыру үшін жолдануын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысы Б.Ж.Ідрісовке жүктелсін.
5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
Лауазымы Аты-жөні Шешімге қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы «15» ақпан № 89 шешімімен бекітілген
Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі
1. Қызылорда қаласында «Тарлан» дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне сервистік қызмет көрсету.
2. Қызылорда қаласы Исатай Тайманов көшесінде ауысымына 400 адам қабылдауға арналған емхананы мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен «Арал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының бу қазандықтарын жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
32. Арал қаласындағы «Арал аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Арал аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «№220 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бу қазандықтарын жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
33. Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шиелі аудандық білім бөлімінің «№47 М.В.Ломоносов атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шиелі аудандық білім бөлімінің «№48 Ө.Қоңыратбаев атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шиелі аудандық білім бөлімінің «№244 Ы.Жақаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Шиелі кенті әкімі аппаратының «Арман мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бу қазандықтарын жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
34. Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шиелі аудандық білім бөлімінің «№127 Ш.Ломоносов атындағы орта мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шиелі аудандық білім бөлімінің «№219 Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Шиелі аудандық білім бөлімінің №270 Гафур Мұхамеджанов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шиелі аудандық білім бөлімінің «№47 М.В.Ломоносов атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (ескі) мен «Шиелі аудандық оқушылар үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бу қазандықтарын жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
35. Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешені полигонның құрылысы және сыртқы инженерлік желілерді жеткізу.
36. Қызылорда облысының мемлекеттік органдарына талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту.
37. Шиелі ауданының индустриалдық аймағына темір жол тарту.
38. Қызылорда қаласы СПМК-70 мөлтек ауданында 320 орынға арналған балабақшаның құрылысы және пайдалануға берілуі.
39. Қызылорда қаласындағы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Арнайы медициналық жабықтық базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
40. Арал қаласындағы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал индустриалдық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен «Қызылорда облысының білім басқармасының «№2 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
41. Арал қаласындағы Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Арал аудандық филиалы мен Әйтеке би кентіндегі «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қазалы ауданаралық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
42. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі индустриалдық-аграрлық коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен «Қызылорда облысының білім басқармасының «Облыстық балалар оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
43. Шиелі кентіндегі «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шиелі ауданаралық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мен Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шиелі аудандық филиалының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
44. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жанакорған аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мен «Жанакорған ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілік ғимаратының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
45. Жанакорған кентіндегі «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жанакорған ауданаралық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мен Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шиелі аудандық филиалының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету.
46. Қызылорда қаласы Ақжарма ауылдық округінде 150 орынға арналған мәдениет үйінің құрылысы және пайдалануға берілуі.
47. Қызылорда қаласының қоғамдық көліктерінде электрондық билет жүйесін орнату.
48. Арал ауданы Октябрь ауылдық округі Шижаға ауылдындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысы.
49. Жанакорған ауданы Жанарық ауылдық округі Жанарық ауылдындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысы.
50. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына гистологиялық және иммуногистохимиялық диагностикаға арналған жабықтық сатып алу және орнату.
51. Қызылорда қаласында колледждердің студенттерін жатақханадағы орындармен қамтамасыз ету.
52. Қызылорда қаласында 400 орынға арналған студенттік жатақхананың құрылысы және пайдалануға берілуі.
53. Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі спорт кешенін жалға алу.
54. Жанакорған ауданы Жанакорған кентіндегі ойын түрлері бойынша дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу.
55. Жанакорған ауданы Қожақент ауылдындағы спорт кешенін жалға алу.
56. Қызылорда қаласы Сәулет мөлтек ауданында спорт кешенін жалға алу.
57. Жанакорған ауданы Сунаката ауылдындағы спорт кешенін жалға алу.
58. Жанакорған ауданы Бірлік ауылдық округінде спорттық кешенін жалға алу.
59. Жанакорған ауданы Әбдіғәппар ауылдық округінде спорттық кешенін жалға алу.
60. Жанакорған ауданы Жанарық ауылдық округінде спорттық кешенін жалға алу.
61. Шиелі ауданы Керделі ауылдық округінде спорт кешенін жалға алу.
62. Жанакорған ауданы Қандөз ауылдында спорттық кешенін жалға алу.
63. Жанакорған ауданы Төменарық ауылдық округінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу.

«Ихсан – рухани тәрбие негізі» атты жаңа кітап жарыққа шықты. Қазақстан Республикасы Дін істері комитеті мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптау комиссиясы мақұлдаған бұл кітапта рухани тәрбие негізі болып табылатын Ихсан ілімі жайлы сөз қозғалады. Әуелі Алла Тағаланы таудан бастап, жалпы мұсылманның тұлғалық тәрбиесі, қоғам алдындағы әдеби туралы айтылған аят-хадистер нақты мысалдармен көрсетілген туындының танымдық маңызы зор. Жоба жетекшісі – Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлы.



## «Ихсан – рухани тәрбие негізі»

«Көптен жүрек түбінде жүрген ниетім орындалып, «Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабы оқырманға жол тартып отыр. Ерекше ынта-ықыласпен жазылған бұл еңбектің оқырманға рухани өмірі үшін пайдасы мол деп үміттенемін.

Аллаға шүкір, Тәуелсіздік жылдарында шариғат ілімдерінің негізі болып саналатын сенім, фикһ, тарих сынды салалар халқымыздың діни сара жолын нақ көрсете білді. Ендігі жерде бізге қажеттісі – рухани жан дүниеміздің өзегіне айналған тәрбие ілімі. Мұны біз Ихсан ілімі дейміз. Ихсан сөзі жақсылық жасау деген ұғымды білдіреді. Ал шариғаттағы мағынасы кез келген ізгі амалды ең кемел түрде орындау дегенге саяды» деп жазылған кітаптың алғысөзінде.

Осы кітаптың бірі облыстық «Сыр бойы» газеті редакциясына табысталды. ҚМДБ Қызылорда облысы бойынша бас имамы Болатбек Ұласқанұлы кітапты ұсына отырып:

– Ізгілік пен көркемдікті насихаттаушы асыл дініміз

кашан да адам баласын барлық жағынан тәрбиелеп келеді.

Ардақты пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) да өз өсиеттерінде адамның ең биік дұшпаны нәпсісі екенін ескертіп, бойдағы жағымсыз, жаман қасиеттерді тәрбиелеу керектігін көп насихаттаған.

Абай ағамыз бір сөзінде: «Егер де есті кісілердің қатарында болғын келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында, ең болмаса айында бір өзіннен өзін есеп ая! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды, күнін өзің өкінетей кылқып өткіздіңің!» - деп адам баласын өтіп бара жатқан өз өміріне үңілуді өсиет еткен.

«Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабы оқырман жүрегіне жол тауып, хақим Абай көрсеткен толық адам концепциясын қалыптастыруға өз септігін тигізе алатынына сенімдімін, – деп лебіз білдірген.

«СБ» ақпарат

### СЫР САҢЛАҚТАРЫ

# АЛҒЫ ШЕП САПЫНДАҒЫ САРДАР ЕДІ

Сыр елінен шыққан тұңғыш және жалғыз генерал-лейтенант Құрбан Қаражанов – әскери талап пен қатан тәртіп құрсаған қызметтің қилы қиындығын қасқая көтерген сардар. Бұл жайында кейінгі буынның біле бермеуі мүмкін.

СБ Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Ол 1957 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Атасы Байдүйсен Қаражанов аудандық әскери комиссариатқа қызмет етіп жүрген кезінде Ұлы Отан соғысына аттанып, содан оралмаған. Әкесі Сәкен милицияда қызмет еткен, жұмыс бабында жүріп, ертеректе каза болған. Сонда балалары тым жас екен. Ержете келе әкесінің патриоттық, адамшылық қасиеттерін жүрт аузынан естіген Құрбан бала кезінен құқықтық не әскери қызмет етуді армандапты.

Осы перзенті дүниеге келгенде Сәкен әкеміз Есабыз әулиенің басына барып, құрбандық шалып, «елдің қорғанындай, сақаның салмағындай ұлым болсын» деп әуелі Алла, ата аруағына тілек қылған екен. Сол ниеті Құрбанның жас кезінен-ақ қайсар, қайырлы, қажырлы болып қалыптасуына септесіпті.

Талабы таудай жас Құрбан мектеп бітірген соң «ПМК-7» мекемесінде кара жұмыс істеп, Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесіне оқуға түскен. Училищені

бітірісімен Қиыршығғыс әскери округіне жіберілген. Осы округтің мотоатқыштар дивизиясында танк взводның командирі, штаб бастығының көмекшісі болған. Мұнан әрі қызметі Беларусь әскери округіне ауысып, танк полкі штаб бастығының аға көмекшісі, батальон командирінің орынбасары-штаб бастығы болып қызмет етеді.

1979-1989 жылдары Орталық әскер тобында, ҚР ҚМ қарамағында кіші мамандар дайындайтын ОО гвардиялық мотополк командирі, әскери академия тыңдаушысы, полк командирінің орынбасары болды. 1995 жылы М.Фрунзе атындағы әскери академияны, 2007 жылы РФ Бас штабы Әскери академиясын бітірген.

«Астана» және «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылық әскерлер қолбасшысының бірінші орынбасары-штаб бастығы болып қызмет еткен. Құрлық әскерлері бас қолбасшысының жауынгерлік дайындық бойынша орынбасары болған. Қорғаныс министрлігі бас инспекциясының бастығы,



Құрлық әскерлері Әскери институтының бастығы болып қызмет атқарған.

II дәрежелі «Даңқ» орденімен, бірқатар медальдармен марапатталған.

Ол туған жерінің гүлденіп, дамып келе жатқанын көріп қуанатын. Сырттай қуанып қоймай, өз қолымен қосқан үлесі де көп. Соның бірі – Шиелі кентіндегі «Тағзым» алаңына екі гаубица, бір БМП-1 әскери техникасының корпусын әкеліп қойдырғаны. Бұл – біріншіден, «Тағзым» алаңын айбаттандырса, екіншіден, ұрпақ жалдында от кешкен ата-лардың рухын жаңғыртады.

Құрбан Сәкенұлы жоғары шенді әскери қызмет атқарса да, қарапайым тірлікте өте қайыршы, жұмсақ, кішіпейіл мінез иесі еді. Қазақшылықты

қатты ұстанатын. Ауылға келгенде ақсақалдарды жағалап сәлем беріп, әулиелерді зияраттайтын. Ескілердің сөзін есінен шығармайтын. «Қызметтік ұстанымда қаулы-қарар, бұйрықтармен бірге Абайдың қарасөздері мен Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясы» атты кітабы жататын. Көп оқиды. Ғылымды таңдаса академик болар еді», – деп баға беріпті әріптестері.

Атасынан бері қарай «Отан солдатымыз» деген қағидағы берік ұстанған Құрбан ағаның үш ұлы да әскери қызметші болды. Бұл әулеттегі әскери рух атадан балаға ауысты.

Жақында мына бір мыңның мұнын арғамызды да құрыққа іліндірді. Осы қаралы хабарды жеткізген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басшылығы мен Қарулы Күштерінің жеке құрамы Құрбан Сәкенұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына, Сыр еліне қайғырып көңіл айтты.

Мұның өзі Отанымыздың алдында абыройлы болып шыны адал атқарған атпал азаматымыздың бірінен айырғып қалғанмызды еріксіз мойындағанды.

Міне, Құрбан Қаражанов туралы айтпақ болған азғантай сөзіміз осы еді.

Қуаңшылық зардабы тек батыс аудандарда ғана емес. Әдетте дәрия деңгейінің төмендігі, қар мен жауын-шашынның тым аз түсуі – аймақтың оңтүстігіне де әсер етуде. Бір ғана мысал, биыл Шиелі ауданы бойынша 134 мың тоннаға жуық шөп керек.

СБ Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

## Шиелілік шаруалар қызу еңбек үстінде



Ауданда қысқа түсетін төрт түліктің есебі анықталды. Бұл 74 мың 100 бас малды көрсетіп отыр. Осыған дайындалатын жем-шөптің көлемі де белгілі болды. Қысқы мал азығын жинау туралы арнайы бекітілген жоспарға сүйенсек, 93 мың 400 тонна табиғи шөп керек. Бұған қоса 40 мың тонна жоңышқа, 28 мың тонна сабан дайындалуы тиіс. Ал мал баққан шаруаға шөппен бірге қап-қап жем де қажет.

Қазір ауданда 99 100 тонна шөп жиналыпты. Оның ішінде жоңышқа 33 200 тонна. Ірі кәсіпкерлер мен ерікті жастар, волонтерлар шөп оруға шақырылып, науқан барлық елді мекендерде өтіп жатыр.

– Шиелі ауданында 1776 гектар шабындық жер бар. Жоғарыда айтқан, мал азығын дайындауға тартылған еріктілерді, «Жасыл ел» жастар еңбек жасактарының сарбаздарын тасымалдау, қажетті құрал-жабдықтармен, тамақпен қамтамасыз ету жөнінде ауыл

әкімдеріне тапсырма беріліп, өз деңгейінде ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, Арал ауданындағы қуаңшылыққа қатысты көмек беруде жергілікті халық тартынған емес. Мысалы, Шиелі ауданына бөлінген Аралдағы Қожар, Райым, Жетес би ауылдық округтерін қажетті шөппен қамтуда біраз жұмыстар атқарылды. Бұл қайырлы жұмыстарға өз ауданымыздағы шаруашылық төрағаларының көмегі көп болды десек те болады. Барлық мүмкіндікті қарастыра отырып, ол жаққа осы уақытқа дейін 115 тонна шөп тегін жіберілді, – дейді аудан әкімінің орынбасары Ерсұлтан Әпетов.

Айта кетсек, облыста қысқы жем-шөп қорымен қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарындағы кестеге сәйкес, 21 тамызда Аралдағы жәрменкесте Шиеліден арнайы 9 жүк көлігімен шөп, бір көлік күрші ұнтатын жем арзан бағада жеткізілген.

### БІЛІМ

# Жаңашылдық талабы тегеурінді

Ертенгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші күдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. Заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласы – баса назар аударарлық мәселе.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев: «Білім берудің сапасын жаңарту мен әлемдік білім стандартына сәйкес ұлттық білім беру жүйесін құру қажет» деп атап көрсеткен. Расында ХХІ ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жалпы және орта білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу уақыт талабы болып отыр. Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет халықтық білім жүйесін жаңаша тұжырымдама жасап, жаңаша талап қоюды қажет етеді.

Әсіресе ауылдық жердегі мектептер мен қала мектептері арасындағы білім берудегі және оның нәтижесіндегі алшақтықты шешудің жолы басты назардағы мәселелердің біріне айналды.

Мемлекеттің басты назарындағы бұл мәселені шешу аясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы. Сондықтан, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет. Үкіметке келесі жылдан бас-

тап осы бағдарламаны қаржыландыруды 20 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырды. Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдау үшін Үкіметке дарынды баланың қабілетін дамыту үшін жол қаржысын әзірлеуді тапсырды» деп, өзге де басымдық беруге тиісті міндеттерді атап көрсеткен. Соның нәтижесінде қала мен ауыл мектептері арасында орта білім сапасындағы алшақтық пен маман жетіспеушілігі шешімін тауып, жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Биыл мектеп бітірген түлектердің қатарында 15 оқушы мемлекеттік грант иегері атанып, аудандағы алдыңғы қатарлы мектептермен бірдей деңгейде нәтиже көрсетті.

Ұстаздар қауымы жүйелі жұмысты әрі қарай жалғастыруды әркез мақсат етеді. Сондықтан мектептердегі нақты міндеттердің бірі білім беру кезінде балалардың физиологиялық, психологиялық деңгейінің дамуын, әр салада болсын біліктіліктерін жетілдіруі ұстаздардың және білім орындарының басты міндеті болып қала бермек.

**Гүлсім ТӨЛЕГЕНОВА,**  
**Е.Көшербаев атындағы**  
**№57 орта мектептің**  
**мұғалімі,**  
**Арал ауданы**



Жапония астанасы Токиода өтіп жатқан Жазғы Паралимпиада қазақстандық спортшылар жоғары жетістігімен жанкүйерлерді қуантып отыр. Бүгінге дейін олар бір алтын, бір күміс медаль алып үлгерді.

## ПАРАЛИМПИАДА: БІР АЛТЫН, БІР КҮМІС

Алдымен Давид Дегаев пара пауэрлифтингте ерлер арасында 54 келі салмақта сынға түсті. Ол сайыс барысында 174 келіні бағындырып, жеңіс тұғырынан көрінді. Бір салмақта француз Бурлон Аксель (165 келі) күміс жүлделі болса, қола жүлде грек Бакохристос Димитриоске (165 келі) бұйырды.

Сондай-ақ, кеше пара дзюдошы Әнуар Сариев күміс жүлдегер атанды. Атыраулық спортшы финалда 60 келіге дейінгі салмақта эзербайжандық Вугар Ширинлимен татамыңе шықты. Белдесу барысында алдымен В.Ширинли вазаримен алға шықты. Иешала Ә.Сариев таразы басын теңестірді. Жекпе-жек соңына таман эзербайжандық дзюдошы тағы бір вазари еншілеп, жеңіп кетті.

Айта кетейік, Ә.Сариев бұған дейін Рио Паралимпиадасына да қатысып, одан жүлдесіз қайтқан болатын. Енді, міне, күміс медальға қол жеткізіп отыр.

Токиодағы Паралимпиададағы Қазақстан құрамасы сапынан екі спортшы жүлдеге қол жеткізді. 2016 жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында Зульфия Габидуллинна еркін мәнерде 100 метрге суға жүзуден чемпион атанды. Сол жолы тағы бір қазақстандық Раушан Қойшыбаева парауэрлифтингте әйелдер арасында 67 келіге күміс жүлдегер атанды.

Дүбірлі дода 24 тамыз және 5 қыркүйек аралығында өткізіледі. Аталған жарыста еліміздің атынан барған 26 спортшы спорттың 7 түрінен сынға түседі.

«СБ» ақпарат

## Қазыналы қарттар құрметке лайық

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қалалық ардагерлер кеңесінің ХІІІ конференциясы өтті. Конференцияға қалалық мәжіліс хатшысы Ибадулла Құттықожаев, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағанбетова, қалалық, мекемелер мен кәсіпорын басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде қалалық ардагерлер ұйымының пленум мүшелерін сайлау және облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті VIII конференциясына делегаттар сайлау сынды басқа да мәселелер көтерілді. Еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты конференция онлайн режимінде өткізіліп, ZOOM байланысы арқылы 120 делегаттың 112-сі 13 жерде тікелей эфир арқылы қатысты.

– Бұл жиынның жөні де, жоралғысы да бөлек. Өйткені мұнда қазыналы қариялардың ортақ уәжі айтылып, алдағы атқарылу шаруалары белгіленді. Бұл қарттардың қайсыбірі болсын ағайымдарың шаруалары қалай атқарылып отырғанын білдіріп, ұрпаққа үлгі боларлық орамды ойларын бөлісті. Конференцияда өз алған қалалық мәжіліс хатшысы И.Құттықожаев айтылған ұсыныс-пікірлер ескеріліп, оның орындалуы өз бақылауында болатынын жеткізді.

«СБ» ақпарат

**Меншік иесі**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымызда газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.